


Ақмола облысы, Ерейментау ауданы, Күншалған ауылының жалпы орта білім беретін мектебінің гуманитарлық пәндер бірлестігінің 2023-2024 жылдық есебі.

Метебімізде оқу жылының бастынан пән мұғалімдері жылдық жоспарларын тапсырып бекіттірді. Кей мұғалімдерде түзетулер болып, оны түзетіп орындап жоспарларын бекітті.

Айдың басында «тіл апталығы» басталды. Тіл апталығына жоспар құрып, әр гуманитарлық мұғалімдерге ескертілді. Әр берілген тапсырманы орындап берді. Кей мұғалімдер мүлде орындамады. Жылдың басы болғаннан кейін үлгермей жатқан мұғалімдер де болды. Қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі Садвокасова Г.А. «Тілім менің-тірлігімнің айғағы» атты сынып сағатын 5,7,11 сыныптар аралығында өткізді. Мағжан Жұмабаевтың 130 жылдығына орай мәнерлеп оқу ұйымдастырды.

25-қазақ «Республика күніне арналған тәрбие сағаттарын ұйымдастырылды.

Қараша айында «Республикалық Мағжан оқулары» Алматы қаласында 7-сынып оқушысы Қабылалды Мөлдір мәнерлеп оқуға қатысып ІІ орын иеленді, жетекшісі Садвокасова Г.А. және сурет салу номинациясынан Курманова Жанбота І-орын иеленіп, жетекшісі құрмет грамотасымен және алғыс хатпен марапатталды. Алматы қаласында «Мәңгілік ел жастары» қоғамдық қоры ұйымдастырған шара «Оқушылардың инновациялық-шығармашылық орталығында марапаттау ұйымдастырды, музейге апарды және М.Әуезов атындағы драм театрға барып көріп қайтты.



Метепішілік олимпиада 5-11 сыныптар аралығында болды. әр пән мұғалімдері белсене қатысты. Барлық пәндерден өткізілді. Қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша 5-сыныптан Аманбай Инжу І орын, ІІ-орын Зубаирова Алуа, ІІІ-орын Ойрат Айғаным, 7-сыныптан І-орын Қабылалды Мөлдір иеленді. 8-сыныптан І-орын Еркін Елина, 9-сыныптан қатысты ауданға баратын оқушы жоқ. 11-сыныптан да ауданға баратын оқушы жоқ. Қазақстан тарихынан І орынды 6 «А» сынып оқушысы Айланыш Еламан, 7 «А» сынып оқушысы Долда Раян ауданға жолдама алды. Жетекшісі Шынуар Ақшолпан. Қазақстан тарихынан Уалихан Әбілқайыр І орынды иеленді. Жетекшісі Садвокасов М.Б. Ерейментауда болған аудандық олимпиадада бойынша 9-сынып оқушысы Уалихан Әбілқайыр 3-орын иеленді. Сонымен қатар, ағылшын тілінен екі оқушы 5 сыныптағы Ойратқызы Айғаным (грамота) және 8 сыныптағы Серикова

Альмира (1 орын) республикалық пәндік олимпиаданың аудандық кезеңінен жүлделі орындарды иеленді.

Аудандық олимпиада болып, біздің мектептің оқушылары 5-сыныптан Аманбай Інжу, ағылшын Ойратқызы Айғаным, Тарихтан Тілек Ханшайым, 6-сынып Айланыш Еламан, 7-сыныптан қазақ тілінен Қабылалды Мөлдір, Тарихтан 7-сынып Долда Раян, Қазақ тілінен 8 сынып-Еркін Елина, Ағылшыннан 8-сынып Серикова Альмира 1 орын иеленді. Гуманитарлық бағытындағы мұғалімдер Есенбаев Е 5 сынып. Шынуар А 7-сынып ашық сабақтар өткізді.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Садокасова Г.А Тәуелсіздік күніне арналған іс-шараларды да орындап отырды. «Желтоқсан құрбандарын еске алу» тәрбие сағаты өткізілді. Тарих пәнінің мұғалімі Шынуар Ақшолпан «Тәуелсіздік елімнің ерлік жолы» атты тәрбие сағаты өткізілді. 2-тоқсанда кейбір мұғалімдер ашық сабақ өткізді.

Қазақ тілі пәнінің мұғалімі Хавдалгаж Армангул 8-сыныпқа «Жаңа мамандық түрлері (сөздік құрамының термин сөздер мен кәсіби сөздер арқылы талдау) және Садокасова Гулбаршын Анасовна 5-сыныпта әдебиет сабағынан Д.Бабатайұлы «О, Ақтан жас, Ақтан жас» тақырыбында ашық сабақ өткізді.

Міржақып Дулатұлының «Оян қазақ» фильмі 10-сыныпта пікір алмасу ұйымдастырылды.

Қазақ тілінен барлық сыныптардан сауаттылық тексеру, жазу мәнерін бақылау мақсатында диктант жүргізілді.

Мұқағали оқуы мектепте өткізіліп 1-орын алған Қабылдады Мөлдір және Уалихан Аширәли ауданға жолдама алды. Ауданнан екі оқушы да 3-орын иеленде. Қабылалды Мөлдір өлең шығару, Уалихан Аширәли мәнерлеп оқу бойынша. Аудандық кезеңі бойынша 7-сынып оқушысы Қабылалды Мөлдір мен 10-сынып оқушысы Уалихан Аширәли 3-орын иеленді. Жетекшісі Садокасова Г.А.

Аудандық «Махамбет» оқуы бойынша 8-сынып оқушылары Ойран Нұрайым мен Серикова Альмира қатысып келді. Жүлделі орындар жоқ. Серикова Альмира сертификатпен марапатталды.

Биылғы жылдың білім сапасы көтерілді. 9-11 сыныпта барлық балалар емтиханға қатысты. Барлық сыныптарда бжб, тжб толық алынып, қорытынды шығарылып, қазақ тілі бойынша 5-10 сыныптар арасындағы емтихан алынды. «2» алған оқушылар болмады.

Гуманитарлық бірлестік жетекшісі: Хавдалгаж Армангул